



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2021 жылғы 22 сәуірдегі
№ 16-13-32д/с сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Сарайшық қалашығын сақтауға қатысты депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймыз.

Сарайшық қалашығының қазақ елінің тарихындағы орны ғылыми деректермен, зерттеулермен, артефактілермен айқындалған. Қазіргі таңда мақсатымыз қалашықты сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.

Осы орайда, Сарайшық қалашығының артефактілерін жылдан-жылға шайып келген Жайық өзенінің жағалауларын бекіту мәселесі 2016 жылы шешіліп, тарихи орынның суға ағып кету қаупі тоқтатылды.

Сарайшық қалашығының тарихи маңыздылығы ескеріле отырып, бұрын коммуналдық меншікте болған Сарайшық музей-қорығы (бұдан әрі – музей-қорық) 2018 жылы республикалық деңгейдегі, ежелгі қалашық аумағында археологиялық жұмыстар және ғылыми зерттеулер жүргізуге бағытталған ұйым ретінде қайта құрылды.

Қалашық аумағында археологиялық жұмыстар музей-қорық әзірлеген ғылыми жобалар аясында іске асырылады. Қазіргі кезеңде музей-қорық ұсынған үш жоба Ұлттық ғылыми кеңесте талқылануда. Ғылыми жобалар Ұлттық ғылыми кеңестің оң сараптамасына ие болғаннан кейін республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

2020 жылы жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесі бойынша қалашық аумағындағы тұрғын жайлар консервацияланып, олардың тарихи келбетін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда тарихи кесенелердің қабырғалары, тандыр ошақтары және басқа объектілер жаңғыртылды. Ал 2021 жылы қалашықтың бас қақпасы аумағын жаңғырту

жоспарланған. Тарихи артефактілерін қалпына келтіру кезең-кезеңімен ғалымдардың деректеріне сүйене отырып жүргізіледі.

Сонымен қатар, ҚР туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес орта ғасырлық Сарайшық қалашығы өңірлік деңгейдегі туристендіру картасы объектілерінің тізбесіне (ТОП-50) енгізілген.

Сарайшық қалашығына келушілер мен туристерге оңтайлы жағдай туғызу мақсатында «Сарайшық визит-орталығының» құрылысы бойынша жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленді. Бүгінгі күні оның құрылысына қажетті қаражат қарастырылуда.

Ескі Сарайшық ауылының қазіргі аумағы, сондай-ақ зират пен ортағасырлық қаланың тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттелетін бөлігі ескерткіш аймағына кіргендіктен мұнда құрылыстың кез-келген түріне тыйым салынған.

Бұл ретте ескі Сарайшық ауылының тұрғындарын (*үй саны – 97, халық саны 771 адам*) жақын маңдағы Сарайшық ауылдық округіндегі бос жер учаскесіне біртіндеп көшіру жоспарлануда.

Мәдениет және спорт министрлігі мен Атырау облысы әкімдігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен визит-орталығының құрылысына қажетті қаражатты қарастыруды және ауыл тұрғындарын көшіру мәселесін шешуді жеделдету туралы тапсырма берілді. Тапсырманың орындалу барысы бойынша депутаттық корпусқа Мәдениет және спорт министрлігі қосымша ақпарат енгізеді.

Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин